

**ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫНДАҒЫ «ASYL TAS»
ТҰРҒЫН ҮЙ КЕШЕНІ ЖОБАСЫНЫҢ
іске асыру жүйесі туралы 2025 жылғы 24 қарашадағы мәлімет**

Шымкент қаласы, Қаратау ауданы, Нұртас шағын ауданы, 5/3 мекенжайы бойынша жобаланған коммерциялық нысандары бар көпқабатты тұрғын үй құрылысына қатысты азаматтардың алаңдаушылығын ескере отырып, осы жобаға Бірыңғай оператор тарапынан кепілдік берілгенін назарға ала отырып, «Қазақстан Тұрғын үй Компаниясы» АҚ жобаны іске асыру хронологиясын түсіндіруді қажет деп санайды:

2025 жылғы 20 қарашада жобаның сметалық құжаттамасына түзетулер енгізу бойынша кешенді ведомствоаралық сараптаманың оң қорытындысы алынды.

Келесі кезең – бас мердігерді таңдау жөніндегі іс-шараларды өткізу жоспарлануда.

Жобаны іске асыру хронологиясы

- Бірыңғай оператор («ҚТК» АҚ) Қазақстан Республикасының «Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы» Заңына сәйкес 2023 жылғы 8 наурыздағы «ВВД-Құрылыс» ЖШС және «Crystal Shymkent» ЖШС-мен жоғарыда аталған объекті құрылысын аяқтауға кепілдік беру туралы шарт жасасқан. Онда құрылысты бір рет ғана 3 айға ұзарту мүмкіндігімен, объектіні пайдалануға беру мерзімі 2024 жылғы 8 қыркүйектен кешіктірілмейді деп белгіленген.

- 2024 жылғы 25 қыркүйекте Объект белгіленген мерзімде дайын болмауына байланысты «ҚТК» АҚ кепілдік жағдай орын алғанын жариялап, объект құрылысын аяқтау мақсатында «Crystal Shymkent» ЖШС-нің сенімгерлік басқарушысы ретіндегі өкілеттіктерін өзіне алды.

- Құрылысты қауіпсіз әрі сапалы аяқтау мақсатында келесі жұмыстар жүргізілді: ғимаратқа техникалық аудит, қаржылық аудит, сыртқы инженерлік желілерге қатысты қосымша бөлімдер әзірлеу қажеттілігі ескеріліп, жобалық-сметалық құжаттамаға (ЖСҚ) түзетулер енгізу басталды.

- ЖСҚ түзету процесі бастапқыда құрылыс салушы бұзған техникалық шарттарды қайта келісу, жергілікті атқарушы органдармен қосымша келісімдер жүргізу қажеттілігіне байланысты кешіктірілді.

- ЖСҚ-ны түзету процесі келесі себептерге байланысты созылды:

- техникалық аудит бойынша тендерлік сатып алу қағидаларының шектеулері;

- бастапқыда құрылыс салушы тарапынан бұзылған техникалық шарттарды қайта келісу қажеттілігі;

- жергілікті атқарушы органдармен қосымша келісулер жүргізу.

Сыртқы инженерлік желілердің жобалауына қажетті бастапқы-рұқсат беру құжаттамасын алу барысында, атап айтқанда электрмен жабдықтау және газбен жөніндегі қамтуға қатысты техникалық шарттар бойынша «ҚТК» АҚ профильдік коммуналдық қызметтерге бірнеше рет жүгінді. Ұзақ келіссөздер

нәтижесінде электрмен жабдықтау және газ желілеріне қосылудың ең оңтайлы нүктелері айқындалды. Бұл шешім жобалық құжаттамаға тиісті өзгерістер енгізу және оларды келісу үшін айтарлықтай уақыты талап етті. Келісу процесі 2025 жылдың тамызына дейін созылды.

- 2025 жылдың шілдесінде жоба ведомстводан тыс кешенді сараптамаға жіберілді. 2025 жылғы 26 қыркүйекте ведомстводан тыс сараптаманың жұмыс жобасы бойынша оң қорытындысы алынды.

- 2025 жылдың қараша айында есепке алынбаған жұмыстарды қайта есептеуге және жобаны оңтайландыруға байланысты сметалық құжаттаманы түзету бойынша ведомствоаралық кешенді сараптаманың оң қорытындысы алынды.

Алдағы шаралар

- Келесі кезеңде бас мердігерді айқындау бойынша іс-шаралар жүргізілетін болады.

- «ҚТК» АҚ **ASYL TAS** тұрғын үй кешенінің құрылысын мүмкіндігінше тез аяқтау үшін барлық қажетті күш-жігерін жұмсайды.

*Анықтамалық мәлімет: **Жоба атауы:** ««1-қабатында коммерциялық нысан және көпқабатты тұрғын үйдің құрылысы» Шымкент қаласы, Қаратау ауданы, Нұртас шағынауданы, 5/3. Аяқталмаған құрылыс».*

Құрылыс салушы – «ВВД-Құрылыс» ЖШС

Уәкілетті компания – «Crystal Shymkent» ЖШС

Инжиниринг компаниясы – «Engineering Services» ЖШС

Пәтерлер саны – 112 бірлік

Нысанның жалпы ауданы – 9 441,06 ш.м.